

№ 3 ТӘЖІРБИЕЛІК ЖҰМЫС

Тақырыбы: CSS. СТИЛЬ КЕСТЕЛЕРІН ЖАСАУ. ЖАЛПЫ МАҚСАТТАРЫ.

HTML бетіне каскадтық стиль кестесін жасау және қосу. Веб-сайт құру кезінде HTML және CSS технологияларын пайдалану бойынша алған білімдерін пысықтау.

1. HTML бет және стильдердің каскадты кестесі болатын «CSS» папкасын жасаңыз.


2. Құрылған «CSS» папкасында Блокнотта inde. txt. мәтіндік құжатын жасаңыз.

3. Енді қарапайым мәтіндік құжатты жасап (index.txt жасағанға ұқсас), оны style.css. деп атаңыз.

4. Құрылған стильдер кестесін index .html файлына қосу үшін, index.html файлында қажет <head> тегінде келесі тегті жазыңыз:

```
<link href= «style.css» rel= «stylesheet» type= «text/css»>
```

Мұнда, href=«style.css» CSS стильдері бар файлға жол жазылған. Бұл жағдайда CSS және index.html файлы бір папкада орналасқан. Нәтижесінде былай болуы керек:




Веб беттерді жасау

Мысалы, егер index.html файлы болса, мынадай код болады:

```
<html>
<head>
<meta http-equiv=«Content-Type» content=«text/html;
charset=windows-1251»>
<title> Стильдердің каскадты кестелері css</title>
<meta name=«description» content=«Стильдердің каскадты
кестелері»>
<meta name=«keywords» content=«стиль, кесте, css»>
<link href="style.css" rel="stylesheet" type="text/css">
</head>
<body>
<h2>CSS Стильдерінің каскадты кестелерін зерттеу үшін веб бет
</h2>
</body>
```

</html>



Index.html файлы нәтижесі

Нәтижесінде, егер мұндай бет шықса, бұл CSS стильдер кестелері index.html файлына қосылған.

5. Енді css стиль кестелерінің жұмысын тексеру қалады. Ол үшін html беттің фондық суретін, бет фонының түсін, жоғарғы және төменгі шегіністерді, әдепкі қаріпті, оның өлшемі мен түсін анықтайтын <boby> жаңа стилін көрсету керек.

```
body {  
background-image:url(bg.jpg);  
background-color:yellow;  
margin-top:0px;  
margin-bottom:0px;  
font-family:Times New Roman;  
font-size:12px;  
color:#000066;  
}
```

Мұнда:

body {...} – <body> тегі үшін CSS стильдерін орнату
background-image:url (bg.jpg); - url(...jpg) параметріндегі фондық сурет
фондық бейненің толық жолы көрсетіледі
background-color: yellow; - құжат денесінің фоны сары
-құжаттың денесінен браузердің жоғарғы бөлігіне дейінгі қашықтық 0 px.
margin-bottom:0px; - құжаттың денесінен браузердің төменгі бөлігіне дейінгі
қашықтық 0 пиксель
font-family: Times New Roman; -құжат үшін қаріпті орнату
font-size:12px; - құжат қаріпінің өлшемі 12 пиксель
color:#000000; - мәтін түсі қою көк.

6. Фондық суретті орнату үшін оны файл папкасына орналастыру керек.

Өз бетінше орындайтын жұмыс тапсырмасы: «Визит карточкасы» сайтын құрыңыз. Басты бет сіздің жеке басыңыз және келесі құрамдастары бар мәзір туралы ақпаратты қамтуы тиіс: өзі туралы мәліметтер, хобби, кесте, байланыс және т. б. Сайт бойынша навигация гиперсілтеме көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

Сұрақтар

1. HTML құжаттағы стиль дегеніміз не?

2. «Стильдердің каскадты кестелері» термині нені білдіреді?
3. Селектор дегеніміз не?
4. CSS-да мұрагерлік қағидатын түсіндіріңіз?
5. HTML құжаттағы стильдерді жасаудың қандай жолдары бар?
6. Қандай жағдайда әрбір стильдерді пайдалану ыңғайлы?
7. Стильдерді пайдаланудың артықшылығы неде?